ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 наурыз №7119-24-00-2/2708 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Ескатова АБ» атты жеке кәсіпкер Алтын Болатовна Ескатова

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

2024 жылғы 15 қаңтарда шаруашылық жүргізу құқығындағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – РМК) мен «Ескатова АБ» атты жеке кәсіпкер Алтын Болатовна Ескатова (бұдан әрі – ЖК) арасында 2024 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №31-1/2 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін талап қоюшыға бағасы 2 036 160 теңге құрайтын волейбол, баскетбол және шағын-футбол ойнауға арналған тікбұрышты және симметриялы ойын беті ағаш жабыннан, ашық түсті, ойын аланың ұсыну бойынша қызметтерді көрсетуге, ал РМК тапсырыс беруші ретінде қызметтерді қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімде техникалық сипаттамаға сәйкес қызметтерді көрсетпеген, яғни техникалық сипаттамаға толық сәйкес келетін ойын аланын ұсынбаған.

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Ғ., 28.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 04.06.2024, судья Жақсыбаев А. Ғ., 14.06.2024
7119-24-3-1/2264

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Іс бойынша жекелеген процестік әрекеттер жүргізген, алайда АПК-нің 267-3-бабының 6-тармағына сәйкес жеке сот әрекеттерінде қатысқан жауапкердің өкілі жағынан уәждерін растайтын құжаттар мен басқа дәлелдер ұсынылған жоқ.

2024 жылғы 15 қаңтарда РМК және ЖК арасында шарт жасалған.

Шарттың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай қызметтерді көрсету мерзімі ай сайын 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Талап арызда өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген, АПК-нің 267-3 бабының 6-тармағына сәйкес өткізілген жеке процессуалдық әрекеттерде жауапкер өз пайдасына тиісті дәлелдемелерді ұсынбаған.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Іске тіркелген құжаттардан жауапкер шарттың талаптарын бұзған, осыған байланыста қазіргі уақытта шарт бұзылған..

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шартты орындамағанын ескере отырып, сот ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Г., 28.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 04.06.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 14.06.2024
7119-24-3-1/2264

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Ескатова АБ» атты жеке кәсіпкер Алтын Болатовна Ескатоваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Ескатова АБ» атты жеке кәсіпкер Алтын Болатовна Ескатова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Ескатова АБ» атты жеке кәсіпкер Алтын Болатовна Ескатовадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Г., 28.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.06.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 14.06.2024

7119-24-3-1/2264